



Азаматтық және қылмыстық істер жөнінде құқықтық көмек көрсету туралы Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасының арасындағы Шартты Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесіне бекітуге енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 2 желтоқсан 1994 ж. N 1348

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

Азаматтық және қылмыстық істер жөнінде құқықтық көмек көрсету туралы Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасының арасында 1993 жылғы 14 қаңтарда қол қойылған Шарт Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесіне бекітуге енгізілсін.

Қазақстан Республикасы
Премьер-министрінің
бірінші орынбасары

Қазақстан Республикасы және Қытай Халық Республикасы
арасындағы азаматтық және қылмыстық істер жөніндегі заң
көмегін көрсету туралы

Шарт

Қазақстан Республикасы және Қытай Халық Республикасы, бұдан
былай Шарт жасаушы Жақтар деп аталатындар, заң қатынастары
саласында қарым-қатынас орнату мақсатымен, тәуелсіздікті құрметтеу
және өзара келісушлік негізінде бір-біріне азаматтық және қылмыстық
істер жөнінен заң көмегін көрсетуді шешті және осы мақсатта
төменде көрсетілгендер туралы келісімге келді.

I тарау
Жалпы Ережелер

1-бап
Хұқықтық қорғау

1. Шарт жасаушы Жақтың бірінің азаматтары екінші Шарт жасасушы Жақтың аумағында, өздерінің жеке басы мен мұліктік хұқықтарын қорғау үшін, осы екінші Шарт жасасушы Жақтың азаматтарымен бірдей пайдалана алады. Олардың соттарға, әділет органдарына, прокуратура және олардың міндетіне азаматтық, қылмыстық істерді қарауға жататын басқа да мекемелерге өтінішпен баруларына хұқысы бар, сондай-ақ Шарт жасасушы екінші Жақтың азаматтарымен бірдей жағдайда, басқа да процессуалдық іс-әрекеттерді жүзеге асыра алады.

2. 1-тarmaқтағы Ереже әрбір Шарт жасасушы Жақтардың

аумағындағы заңды ұйымдарға, мекемелерге, оның ұлттық заңына сәйкес қолданылады.

3. Осы Шартта қолданылған "азаматтық істер" термині, неке-от басы және еңбек істерін де қамтиды.

4. Осы Шарттың үшінші тарауындағы ережелерден басқасы, сауда және шаруашылық істерінде қолданылады.

2-бап

Хұқықтық көмекті көрсету кезіндегі қатынастар
тәртібі

1. Азаматтық және қылмыстық істер жөнінен заң көмегін көрсету туралы өтініш жасаған кезде Шарт жасасушы Жақтардың соттары мен басқа да құзырлы мекемелері өзара өздерінің орталық мекемелері арқылы қатынасады, егер осы Шартта басқадай ештеңе белгіленбекен болса.

2. Осы баптың 1-тarmaғында атап өтілген орталық мекемелерге

Қазақстан Республикасы жағынан - Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі және Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы;
Қытай Халық Республикасы жағынан - ҚХР Әділет министрлігі және ҚХР Жоғарғы Халық прокуратурасы жатады.

3-бап

Хұқықтық көмек көрсету ауқымы

Хұқықтық көмек көрсетеу:

1. Құжаттарды тапсыру туралы тапсырмаларды орындау, сарапшылық жүргізу, оқиға болған жерлерде тексеру жүргізу, айғақ жинау осы Шартта аталған азаматтың және қылмыстық істер жөніндегі басқа да процессыалды іс-әрекеттерді орындауды;
2. Азаматтық істер жөніндегі сот шешімдерін мойындауды және орындауды;
3. Осы Шартпен анықталатын басқа да көмектерді қамтиды.

4-бап

Хұқықтық көмек көрсетеу туралы тапсырма формасы

1. Хұқықтық көмек көрсетеу туралы тапсырма жазбаша дайындалады, онда мыналар көрсетілуге тиіс:

- 1) сұраныс беруші мекеменің аты;
 - 2) сұраныс тапсырылған мекеменің аты;
 - 3) заң көмегінің көрсетілуі сұралған істің аты;

 - 4) тапсырмада сөз болып отырған, процеске қатысушылардың аты-жөні, азаматтығы, жынысы, туған жері мен жылды, немен шұғылданатындығы және тұрақты мекен-жайы немесе уақытша тұратын жері, занды мекемелер үшін - олардың аты мен мекен-жайы;
 - 5) олардың өкілетті өкілдерінің аты-жөні және мекен-жайы;
 - 6) тапсырманың мазмұны, ал, қылмыстық істер бойынша, сондай-ақ жасалған қылмыстардың нақты жағдайларын сипаттап жазу, оның заң жүзіндегі квалификациясы және тиісті заң актілерінің ережелері.
2. Тапсырмаға және басқа да құжаттарға Шарт жасасуышы Жақтың сұраныс беруші мекемесінің ресми мөрі басылуы тиіс.

5-бап

Тапсырманы орындау

1. Егер сұраныс тапсырылған Шарт жасасуышы Жақтың ұлттық заңына сәйкес, тапсырманы орындау осы Жақтың соттары мен басқа да қызмет бабындағы мекемелерінің міндеттіне кірмейтін болса, онда тапсырмадан бас тартылу себептері

көрсетіліп қайтарылуы мүмкін.

2. Шарт жасаушы Жақтың сұраныс тапсырылған мекемесі тапсырманы орындауға хұқылы болмаған жағдайда, ол көрсетілген тапсырманы орындауға сұраныс тапсырылған. Шарт жасасушы Жақтың құзырлы мекеніне жіберуге міндettі, сондай-ақ бұл туралы Шарт жасасушы екінші Жақтың сұраныс беруші мекемесін хабардар етуге тиіс.

3. Егер Шарт жасасушы Жақтың сұраныс тапсырылған мекемесі, көрсетілген тапсырмадағы мекен-жайдың дәл еместігіне байланысты тапсырманы орындауға мүмкіндігі болмаған жағдайда, ол мекен-жайды анықтау үшін тиісті шараларды қолдануға міндettі немесе Шарт жасасушы Жақтың сұраныс беруші мекемесінен қосымша мәліметтер талап етеді.

4. Егер мекен-жайды анықтауға немесе тапсырманы орындауға бұдан басқа да себептерге байланысты мүмкіндік болмаған жағдайда, Шарт жасасушы Жақтың сұраныс тапсырылған мекемесі бұл туралы екінші Шарт жасасушы Жақтың сұраныс беруші мекемесіне хабарласуға міндettі және тапсырманы орындауға кедергі болған себептерді баяндауға, сондай-ақ Шарт жасасушы Жақтың сұраныс беруші мекемесі жіберген барлық құжаттарды қайтаруға тиіс.

6-бап

Орындалу нәтижелері туралы хабарлар ету

1. Сұраныс тапсырылған мекеме, осы Шарттың екінші бабында көрсетілген тәртіpte , сұраныс беруші мекемені жазбаша түрде тапсырманың орындалу нәтижелері туралы хабардар етуге, сондай-ақ орындалғандығын растайтын құжаттарды жіберуге міндettі.

2. Орындалғанын растайтын Құжатта тапсырманың алынған

күні, айы, жылы, алушының қолы және тапсырманы орындаған адамның қолы көрсетілуге тиіс.

3. Егер алушы алудан бас тартса, онда алудан бас тартуының себептері көрсетілуге тиіс.

Тапсырманың орындалғанын растайтын құжатқа тапсырманы орындаған сұраныс тапсырылған мекеменің ресми мөрі басылуы тиіс.

7-бап

Қатынас тілдері

Заң көмегін көрсету кезінде әрбір Шарт жасасушы Жақ өзінің мемлекеттік тілін пайдаланады, барлық құжаттардың екінші

Шарт жасасуши Жақтың мемлекеттік тілінде немесе ағылшын не орыс тілдеріндегі күәландырылған, аудармасы қоса беріледі.

8-бап

Құжаттарды тапсыру және жеке іс жүргізу әрекеттерін дипломатиялық өкілдіктер немесе консулдық мекемелер арқылы орындау

Құзырлы органдардың тапсырмасы бойынша Шарт жасасуши жақтардың бірінің екінші бір Шарт жасасуши Жақты аккредитивтенген дипломатиялық өкілдіктері немесе консулдық мекемелері өз азаматтарына сот және соттан тыс құжаттарды тапсырып олардан жауап ала алады. Алайда, бұл іс-әрекеттер мәжбүр ету шараларына жатпайды және өздері тұрған елдің занына қарсы келмейді.

9-бап

Куәларға, жәбірленушілерге және сарапшыларға қатысты кепілдіктер

1. Сұраныс тапсырылған Шарт жасасуши Жақ арқылы жіберілген, оның елдің азаматы екендігіне қарамастан, сұраныс беруші Шарт жасасуши Жақтың сот немесе басқа да құзырлы мекемелерінің шақыру қағазы бойынша келген куә, жәбірленуші немесе сарапшы сұраныс беруші мемлекетте әкімшілік немесе қылмыстық жауапкершілікке тартылмайды, немесе оларға мемлекеттік шекарарадан өткенге дейінгі жасаған заң бұзушылық, немесе оның куәлік көрсетулеріне, сарапшы ретіндегі іс-әрекеттеріне байланысты басқа да анық-қанығына жету мәселесі болып табылатын істерге байланысты бас бостандығынан айырудың қай формасы болмасын қолданылмайды.

2. Егер куәгер, жәбірленуші немесе сарапшы сұраныс беруші Шарт жасасуши Жақтың аумаған, оларға өздерінің мұнда болуының қажет еместігі жөнінде жазбаша хабардар етілген соң 15 күннің ішінде тастап кетпесе ол сұраныс беруші Шартқа отырушы Жақтың аумағынан өзінің еркінен тыс себептерге байланысты уақытылы кете алмаған

жағдайдан басқасының бәрінде оларға берілген осы баптың

1-тармағындағы кепілдіктің күші жойылады.

3. Осы баптың 1-тармағында аталған шақыру осы Шарттың 2-бабында көрсетілген тәртіпте беріледі. Шақырудың мазмұнында мәжбүр ету шараларын қолдану туралы қоқан-лоққы болмауға тиіс.

10-бап

Заң көмегін көрсетуге байланысты шыққан шығындар

1. Шарт жасасуши Жақтар, сарапшылардың қызмет көрсетулерінен басқа, барлық заң көмегін тегін көрсетеді.

2. Сұраныс беруші Шарт жасасуши Жақтың аумағына шақыру бойынша келген күә, жәбірленуші немесе сарапшының жол қаражатына, тамағына, жатын орнына кеткен шығынды сұраныс беруші Шарт жасасуши Жақ төлейді. Шақыруда, аталған адамдардың қандай төлемдерді алуға хұқықты екендігі көрсетілуі тиіс. Аталған адамдардың өтініші бойынша Шарт жасасуши Жақ оларға алдын-ала тиісті шығынды төлеуге міндettі.

11-бап

Заң көмегінен бас тарту

Егер сұраныс тапсырылған Шарт жасасуши Жақ заң көмегін көрсету оның тәуелсіздігіне, қауіпсіздігіне, қоғамдық тәртіпке немесе оның ұлттық заңының негізгі принциптеріне қарсы келеді деп санаса, ол сұраныс беруші Шарт жасасуши Жаққа бас тарту себебін хабарлай отырып, заң көмегін көрсетуден бас тарта алады.

12-бап

Заң көмегін көрсету кезінде қолданылатын заң

1. Сұраныс тапсырылған мекеме заң көмегін көрсету кезінде өз мемлекеттің ұлттық заңын қолданады.

2. Сұраныс тапсырылған мекеме заң көмегін көрсету барысында сондай-ақ өтініш бойынша егер ол сұраныс тапсырылған Шарт жасасуши

Жақтың ұлттық заңының негізгі принциптеріне қайшы келмесе Шарт жасасуышы екінші Жақтың іс жүргізу нормаларын қолдана алады.

13-бап

Заң ақпаратымен алмасу

Шарт жасасуышы Жақтар, өз өтініштері бойынша, бір-біріне қолданылып жүрген немесе қолданылған заң туралы және сот практикасы туралы ақпарат береді.

II тарау

Азаматтық істер бойынша заң көмегін көрсету

14-бап

Заң көмегінің ауқымы

Шарт жасасуышы Жақтар өзара өтініш жасау негізінде сот және соттан тыс құжаттарды табыс етеді, процесске қатысуышылардан куәлар мен сарапшылардан жауап алады, сарапшылық жүргізеді, уақиға болған жерді тексереді, сот шешімдерін мойындайды және орындайды, соның ішінде алиментті өндіріп алу үшін қарыздарларды іздеу жөніндегі шараларды қолданады, сондай-ақ басқа да процессуалды іс-әрекеттерді орындайды.

15-бап

Сот шығындарын өтеу

1. Шарт жасасуышы Жақтардың бірінің азаматы екінші Шарт жасасуышы Жақтың аумағында сот шығындарын осы Шарт жасасуышы Жақтың азаматтарымен тең жағдайда және бірдей мөлшерде төлейді.

2. Сондай-ақ осы баптың 1-тармағындағы ереже Шарт жасасуышы Жақтардың бірінің аумағында олардың ұлттық заңына сәйкес ашылған занды мекемелерге де қолданылады.

16-бап

Сот шығындарын өтеуден толық немесе ішінара босату

1. Шарт жасасуши Жақтың бірінің азаматы екінші Шарт жасасуши Жақтың аумағында сот шығындарын толық немесе ішінара өтеуден осы Шарт жасасуши Жақтың азаматтарымен тең жағдайда және бірдей мөлшерге босатылады.

2. Шарт жасасуши Жақтың бірінің азаматы сот шығындарын өтеуден толық немесе ішінара босату туралы өтініш білдіргенге тұратын жері немесе уақытша тоқтаған жеріндегі құзырлы мекемелерден алған жеке басын, от басының және Мұліктік жағдайын растайтын құжаттарды тапсыруға тиіс. Егер өтініш берушінің тұрақты мекен-жайы немесе Шарт жасасуши Жақтың аумағында уақытша тоқтаған жері болмаса ол өз мемлекетінің дипломатиялық өкілдігі немесе консулдық мекемелер берген не растиған жоғарыда құжаттарды тапсыра алады.

3. Сот шығындарын өтеуден толық немесе ішінара босату туралы өтініш бойынша шешім шығарған сот құжатты берген органнан қосымша түсініктеме талап ете алады.

17-бап

Мойындауға және орындауға жататын шешімдер

1. Шарт жасасуши Жақтар осы Шарттың ережелеріне сәйкес өз аумағында екінші Шарт жасасуши Жақтың аумағында шығарылған және күшіне енген сот шешімдерін сондай-ақ, мойындауға жататын бір-ақ осы Шарт күшіне енген соң орындалуы талап етілмейтін шешімдерді де мойындауға және орындауға міндettі.

2. Осы Шарт тексінде қолданылып отырған "сот шешімдері"

термині мынаны білдіреді:

- Қазақстан Республикасында - соттың (сottардың) сонымен қатар төрелік соттың (сottардың) шешімі, анықтамасы, қаулысы, азаматтық және төрелік істер жөніндегі бітімге келісімі, сондай-ақ қылмыстық іс бойынша зиянды өтеу бөлігі үкімі;

- Қытай Халық Республикасында - сот шығарған үкім, анықтама, азаматтық іс жөніндегі бітістіру актісі және қылмыстық іс бойынша шыққан шығынды өтеуге қатысты үкім.

18-бап

Сот шешімін мойындау және орындау туралы өтініш

1. Сот шешімін мойындау және орындау туралы өтінішті арызданушы осы шешімді шығарған сотқа береді, бұдан кейін бұл сот шешімді осы Шарттың 2-бабында көрсетілген тәртіпте екінші Шарт жасасуышы Жақтың сотына жібереді. Арызданушы екінші Шарт жасасуышы Жақтың сотына да тікелей өтініш бере алады.

2. Сот шешімін мойындау және орындау туралы өтініш мынандай құжаттармен бірге жіберілуге тиіс:

- 1) сот растаған сот шешімінің көшірмесі; егер шешім қүшіне енгендігі және орындалуы мүмкін екендігі туралы көшірмеде нақты көрсетілмесе, онда соттың осы туралы құжатының бір данасы;
- 2) сұраныс беруші Шарт жасасуышы Жақтың аумағында шешімнің орындалған бөлігі туралы сот құжаты;
- 3) іс жүргізуге қатыспаған Жаққа белгіленген заң тәртібінде сотқа шақырылғандығы туралы хабарлау қағазы тапсырылғанын ал ол қабілетсіз болған жағдайда оның тиісті өкілі болғандығын растайтын құжат;
- 4) осы бапта аталған өтініш пен оған қоса берілген құжаттардың расталған аудармасы.

19-бап

Сот шешімін мойындау және орындау тәртібі

1. Сот шешімін мойындауды және орындауды Шарт жасасуышы

Жақтың ұлттық заңында белгіленген тәртіпке сәйкес өтініш берілген осы Шарт жасасуышы Жақтың соты жүзеге асырады.

2. Өтініш берілген сот, аталған шешімді оның осы Шарт талаптарына сәйкестігін ғана қарайды.

3. Мойындалуы және орындалуы туралы өтініш түскен шешімге қатысты, өтініш алған сот, қажет болған жағдайда, осы шешімді шығарған соттан қосымша материалдарды талап ете алады.

20-бап

Мойындау мен орындаудың заң жүзіндегі қүші

Шарт жасасуышы Жақтардың бірінің сотының екінші Шарт

жасасуши Жақ сотының шешімдерін мойындау және орындау осы Шарт жасасуши Жақ сотының шешімдерінің мойындалуы және орындалуы бірдей күшке ие.

21-бап

Шешімді мойындаудан және орындаудан бас тарту

1. Мынандай жағдайларда сот шешімін мойындаудан және орындаудан бас тартылады:

- 1) егер шешім шығарылған, Шарт жасасуши Жақтың ұлттық заңына сәйкес, бұл шешім күшіне енбеген болса және орындауға жатпайтын болса;
- 2) егер шешімді мойындау және орындау туралы өтініш берілген Шарт жасасуши Жақтың ұлттық заңына сәйкес, іс тек қана өтініш тапсырылған Шарт жасасуши Жақ сотының құзырында болғанда;
- 3) егер іс жүргізуге қатыспаған Жаққа Шарт жасасуши Жақтың, шешім қабылдаған мекеменің, ұлттық заңына сәйкес сотқа шақыру туралы қағазы тапсырылмаған болса немесе ол қабілетсіз болған жағдайда, қатысуға тиісті өкілі болмағанда;
- 4) егер сұраныс тапсырылған Шарт жасасуши Жақтың соты екі Жақтың арасындағы сол бір заң жөніндегі дау туралы күшіне енген шешім қабылдаса немесе ол өздерінде қарауда жатса, немесе үшінші мемлекеттің осы істер жөніндегі шешімі күшіне енген деп танылған болса;
- 5) егер шешімді мойындау мен орындау өтініш жасалған Шарт жасасуши Жақтың тәуелсіздігіне, қауіпсіздігіне немесе қоғамдық тәртібіне зиян келтіретін болса.

III тaraу

Қылмыстық істер жөніндегі заң көмегі

22-бап

Хұқықтық көмек ауқымы

Шарт жасасуши Жақтар өтініш бойынша, куәлардан,

жәбірленушілерден, сарапшылардан, күмәнділер мен айыптылардан қылмыстық істер жөнінен жауап алу туралы тапсырманы орындауды; айғақтар жинауға байланысты тінтуді, сарапталуды, тексеруді және басқа да іс жүргізу әрекеттерін жүргізуді; заттай айғақтар мен құжаттарды қылмыстық жолымен қолға түсірген құнды заттарды тапсыру туралы, сондай-ақ қылмыстық істерді жүргізуге байланысты іс жүргізу құжаттарын тапсыру; сот ісінің нәтижелері туралы бірін-бірі хабардар ету.

23-бап

Құжаттарды тапсыру және жекелеген іс жүргізу
әрекеттерін орындау

1. Құжаттарды тапсыру тәртібі және қылмыстық істер бойынша айғақтар жинауға байланысты жекелеген іс жүргізу әрекеттерін орындау осы Шарттың 4-6,8-баптарында анықталады.

2. Жоғарыда аталған тапсырмаларды жіберген кезде мыналар көрсетілуі тиіс: қылмыс жасалған жағдай, оның квалификациясы және заң актілерінің тиісті ережелері.

24-бап

Қылмыстық жолмен қолға түсірілген ақша мен
құнды заттарды тапсыру

1. Шарт жасасуши Жақ екінші Шарт жасасуши Жақтың талабы негізінде, осы Шарт жасасуши Жакқа екінші Шарт жасасуши Жақтың аумағында қылмыстық жолмен қолға түсірілген ақшамен құнды заттарды тапсыруы керек, алайда тапсыру кезінде Шарт жасасуши Жактардың немесе үшінші Жактардың осы құнды заттарға қатысты хұқықтарына қысым жасалмауы керек.

2. Егер Жоғарыда көрсетілген ақша мен құнды заттар сұраныс тапсырылған Шарт жасасушы Жақтың аумағында, басқа бір шешілмеген қылмыстық істер жөнінде сот анық-қанығына жету үшін қажет болған жағдайда, бұл Шарт жасасушы Жақ оларды тапсыруды уақытша тоқтата тұрады.

25-бап

Қылмыстық істер бойынша заң көмегін көрсетуден
бас тарту

1. Сұраныс тапсырылған Шарт жасасушы Жақ осы Шарттың II-бабында көрсетілген негіздерден басқа, қылмыстық істер бойынша заң көмегін көрсетуден төмендегі негіздердің бірі бойынша бас тарта алады:

1) тапсырмада көрсетілген іс-әрекеттер, сұраныс тапсырылған Жақтың ұлттық Заңы бойынша қылмыс болып есептелмегендеге;

2) тапсырмада көрсетілген күдікті немесе айыпталуши сұраныс тапсырылған Шарт жасасушы Жақтың азаматы болып табылса және сұраныс беруші Шарт жасасушы Жақтың аумағында болмаса.

26-бап

Қылмыстық істер жөнінде жүргізілген сот анықтауларының
қорытындылар мен іс қозғау туралы хабардар ету

Шарт жасасушы Жақтар бір-біріне екінші Шарт жасасушы Жақтың

азаматына қатысты іс қозғалғандығы туралы және қажет болған жағдайда, екінші Шарт жасасушы Жақтың азаматтарына қатысты өздерінің соты шығарған үкім туралы мәлімет беруге міндettі.

27-бап

Бұрын жасалған қылмыстар туралы ақпарат

Шарт жасасушы Жақтар, өтініш бойынша, бір-біріне ақысыз, бұрын екінші Шарт жасасушы Жақтың сотымен сотталған адамға қатысты қылмыстық істерді анық қанығына жету үшін қажет, сотталғандығы туралы мәліметтер береді.

IV тарау
Басқа да ережелер

28-бап

Құжаттардың ақиқат екендігі

Шарт жасасуши Жақтың бірінің соты немесе басқа бір құзырлы мекемесі құрастырған немесе куәландырған құжаттар, осы Шарт жасасуши Жақтың тиісті құзырлы мекемесінің мөрі басылған болса, жарамды болып табылады. Осындай түрде оларды екінші Шарт жасасуши Жақтың соты немесе басқа құзырлы мекемесі ешбір легализациясыз қабылдай алады.

29-бап

Азаматтық хал туралы құжаттарды және басқа да құжаттарды жіберу

Осы Шартты орындау үшін Шарт жасасуши Жақтың бірінің құзырлы мекемелері, дипломатиялық каналдар арқылы алынған өтініштер бойынша, екінші Шарт жасасуши Жақ азаматының жеке басы хұқықтары мен мұліктік мүдделеріне қатысты азаматтық хал актілерін тіркеу, оқу-ағарту мен еңбек стажы туралы мәліметтерді және басқа да құжаттарды екінші Шарт жасасуши жаққа ақысыз және әрі ағылшын немесе орыс тілдеріндегі аудармасымен бірге жібереді.

30-бап

Заттарды алып шығу және ақша аудару

Осы Шарттың ережелері және оны орындау Шарт жасасуши екі Жақтың да шекарарадан заттарды алып шығу және ақшаны аудару туралы өз зандары мен ережелерін орындауға кедергі жасай алмайды.

31-бап

Дауларды шешу

Осы Шартты түсіндіру немесе орындау мәселелеріне байланысты пайда болған даулар дипломатиялық каналдар бойынша шешілуге тиіс.

V тарау
Қорытынды ережелер

32-бап
Шарттың күшіне енуі

Осы Шарт екі Жақ өздерінің ұлттық заңында көрсетілген, Шарттың күшіне енуіне мүмкіндік беретін, барлық заң процедураларын орындаған және, дипломатиялық каналдар бойынша, өзара жазбаша хабарландырулармен алмасқаннан соң, соңғы хабарландыруды алғаннан

кейінгі 30-ыншы күнде күшіне енеді.

33-бап
Шартқа өзгертулер мен қосымшалар енгізу

Шарт жасасуши жақтар, дипломатиялық каналдар бойынша, осы Шарттың тексіне өзгертулер мен қосымшалар енгізу мәселелері жөнінде консультациялар өткізуге және өздерінің ұлттық зандарына сәйкес, заң процедураларын орындауға міндетті.

34-бап
Іс-әрекетін тоқтату

Осы Шарт мерзімсіз және Шарт жасасуши Жақтың кез келгенін бір дипломатиялық каналдар бойынша оның іс-әрекеті тоқтатылатыны туралы хабардар еткеннен кейін алты ай мерзім ішінде өз іс-әрекетін тоқтатады.

Осы Шартқа 1993 жылы 14/Г-93 Пекин қаласында қол қойылды, екі данадан, бірі қазақ тілінде, екіншісі қытай тілінде, орыс тіліндегі аудармасы қоса берілген, екі тексте бірдей күшке ие.

Қазақстан Республикасы
үшін

Қытай Халық Республикасы
үшін

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК